



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Мұнайға қатысты құжат



Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты талқылады.

Талқыға түскен құжат «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына Мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы» заң деп аталады.

Заңның мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге енгізілген өзгерістерді заңды түрде ресімдеу. Хаттамада Келісімнің 3-бабына Ресейден Қазақстанға әкетілетін мұнай мен мұнай өнімдерін уақытша мерзімді кедендік декларациялаудың күшін жою туралы өзгеріс енгізу көзделіп отыр. Мұнай мен мұнай өнімдерін керек-жарақ ретінде әкету үшін, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерін 2022-2024 жылдары ққбырмен жеткізуге ерекше жағдайлар белгіленеді.

Комитет мүшелері талқылау қорытындысы бойынша заңды Палата отырысында қарауға жіберу туралы шешім қабылдады.



## Қазақстан Ақтау және Құрық порттарын дамытуды көздейді

Мемлекет басшысы Abu Dhabi Ports Group компаниясының басқарушы директоры Мұхаммед Жуму әл-Шамисиді қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ақтау және Құрық порттарын дамытуды Қазақстан стратегиялық

мақсат етіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Жуму әл-Шамиси Abu Dhabi Ports Group компаниясының көлік-логистика саласындағы бай тәжірибесін ескере отырып, осы саладағы өзара тиімді

қарым-қатынастың перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнайын Орта дәліз арқылы Әзербайжанға тасымалдау жөніндегі «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен ADP арасындағы ынтымақтастықты оң бағалады.

Президент Еуразияны Шығанақпен, Африкамен және Үндістанмен байланыстыратын «Солтүстік – Оңтүстік» бағдарының әлеуетін пайдалану жоспары туралы айтты. Оның пікірінше, 2027 жылға қарай аталған бағыттың жүк өткізу қабілеті кемінде 70 пайызға артып, 9 миллион тоннадан 15 миллион тоннаға дейін ұлғаюға тиіс.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» мен ADP арасында бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі уағдаластықты ерекше атап өтіп, бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

## Әуежайдағы тіркеу жеңілдейді

Астана халықаралық әуежайынан жолаушылар биометриялық сәйкестендіру арқылы тіркеуден өтуі мүмкін. Қазір әуежай басшылығы елорданың әуе қақпасына заманауи технологияны енгізу мүмкіндіктерін қарастырып, кедергілерді сараптап жатыр.

даярлауға негізделген швейцариялық ақпараттық ұйым SITA-мен бірлесе жүргізуге ниеттіміз. Биометриялық сәйкестендірудің көмегімен жолаушылар рейске тіркелу кезінде қажетті операциялардың барлығын орындауға, құжаттарды өз бетінше тол-



Биометриялық сәйкестендіру арқылы тіркеу жүргізуді қолданысқа енгізуге еліміздегі биометриялық базаның бір жерге шоғырландырылмағаны кедергі боп тұр. Сондықтан аталған мәселені жуық арада шешу әрі әуежайдағы цифрландыру деңгейін арттыру маңызды.

– Астана халықаралық әуежайы IATA халықаралық әуе көлігі қауымдастығы мен ICAO халықаралық азаматтық авиация ұйымымен тығыз әріптестік орнатқан. Біз осы халықаралық ұйымдардың стандарттарына сәйкес әуежай қызметін дамытуды жалғастырамыз. Биометриялық сәйкестендіру бағдарламасын енгізуді авиация саласындағы телекоммуникация және IT бағдарламаларды

тыруға және басып шығаруға, төлқұжаттың электронды нұсқасын толық қолдануға мүмкіндік алады, – дейді «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Ерғазы Жолдасов.

Айта кету керек, SITA-мен алдын ала келісім бойынша 27-30 қараша күндері жолаушыларды биометриялық сәйкестендіру арқылы тіркеу бағдарламасы Астана халықаралық әуежайында сынақ режимінде іске қосылады. Сынақ режиміне арнайы фокус-топ құрылған. Еске сала кетейік, жолаушыларды биометриялық сәйкестендіру арқылы тіркеу Дубай, Сингапур, Ганконг, Сербия және Пәкістанның халықаралық әуежайларында кеңінен қолданылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Отандық TrustMe стартапы Кремний алқабындағы Astana Hub-тың Hero Training бағдарламасы аясында өткен Demo Day нәтижесі бойынша үздік технологиялық компаниялардың ондығына енді. Венчурлық капиталист Тим Дрейпер жобаға инвестиция салуға қызығушылық танытты.

DraperU акселерация бағдарламасына 35 елден 100-ден астам жоба қатысқан. 129 өтінімінен Орталық Азиядан 12 стартап іріктеліп, АҚШ-тағы Кремний алқабына жол тартты. Отандастарымыз белгілі венчурлық инвестор Тим Дрейпер ұйымдастырған ауқымды бизнес тренингтен өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген кәсіпкерлер



## Отандық технология-үздік ондықта

төрт апта бойы жаһандық технология мамандарынан сабақ алды. Сондай-ақ бағдарлама аясында кәсіпкерлер өркениеттен жырақ өмір сүріп, төмен температурада шатырда түнеп, батпақты көлде, суы суық Тынық мұхитында жүзіп, түрлі қару-жарақтан оқ атып, азық іздеді. Бағдарлама Demo Day іс-шарасымен аяқталды. Онда TrustMe командасы бағдарламаға қатысқан 100 стартап ішінен инвестициялық тартымды шешім ретінде танылды. Стартаптың бас директоры Шыңғыс Дәулетбаевтың айтуынша, миллиардер Тим Дрейпер TrustMe-ге инвестиция салуға қызығушылық танытқан.

«Біз оған презентация жібердік. Тим Дрейпер біздің инвесторымыз болады деп үміттенеміз. Өйткені біздің құндылықтарымыз ұқсас», дейді TrustMe бас директоры Шыңғыс Дәулетбаев.

Сондай-ақ үздік 10 стартап қатарына Үндістандағы қатерлі іскіт диагностикалау жобасы, ортодонтия саласында төңкеріс жа-

сайтын ливандық жоба, Канада мен Кариб бассейні елдерінің медициналық жобалары, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Корея және Аргентинадағы жобалар кірді.

Отандық стартап DocuSign, AdobeSign және DropboxSign сияқты жаһандық алпауыттардың технологияларынан түбегейлі өзгеше, келісімшартқа қол қоюға арналған инновациялық шешімді ұсынады. Компанияның негізін қалаушы Шыңғыс Дәулетбаевтың айтуынша, TrustMe келісімшарттардың шартын өзі бағдарламалайды және адам факторды жоюды. Қазіргі уақытта TrustContract қызметін Қазақстандағы 800-ден астам компания пайдаланады. Стартап-компания Өзбекстан мен АҚШ-та өкілдіктерін ашып, алғашқы шетелдік клиенттеріне де қызмет көрсете бастады. Бұған дейін TrustMe стартапы Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жобалар арасынан Пәкістандағы жасанды интеллект жобасынан кейін екінші орын алған болатын.

## Мәслихат тынысы



## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ ҮШ АУЫЛ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСТІ

2023 жылдың 24 қараша күні №7 Құмкент сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған халық қалаулысы, Сағындық Ернар Құралбекұлы өз округі сайлаушыларымен кездесіп, олардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Әуелгі кездесу жиыны азында Құмкент, Қызылкөл ауылынан басталды. Кездесу жиыны Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында өткен кездесуге сайлау округіне қарасты тұрғындар, зейнеткерлер, әкім аппаратының қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен жұмысшылары және балабақша ұжымы жиналды. Олардың алдында халық қалаулысы аудандық мәслихаттың атқарған жұмыстары жайлы жан-жақты баяндап берді. Кездесу жиынының округ әкімі Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы кіріспе сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды. Депутат Е.Сағындықтың хабарламасынан кейін, оған бірқатар сұрақтар қойып, жауаптар алды. Негізгі мәселелерді атап айтар болсақ: ауыз су құбырларының тозығы жетуіне орай жөндеуді қажет етеді, Жылыбұлақ суын бөгейтін тоған салынса, ас-

фальт толық жетпеген көшелер асфальтталса, жарықтандыру жүргізілген Тасарық көшесінің жарық шамдарын жаңдыру, қоқыс төгетін орынға дейін тас жол төселсе, үшбас тоғанын жөндеп, қаналын жаңартуға ықпал жасаса деген ұсыныстарын жеткізді.

Түстен кейін Жыныс ауылындағы жұртшылықпен кездесу жиыны С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің мәжіліс залында жалғасын тапты. Ауыл тұрғындарымен кездесуді кент әкімі кіріспе сөз сөйлеп, ашып жүргізіп отырды.

Халық қалаулысы Е.Сағындықтың хабарламасынан кейін, сайлаушылар ауылдың өзекті мәселелеріне дең қойды. Атап айтқанда: Оқушылар қатынайтын автобус шығарылса, электр қуаты төмен, трансформаторлар жаңартылса, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында С.Әліұлы атындағы мектебіне дейінгі аяқ-жол жарықтандырылса деген ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Жоғарыда айталған үш ауылда өткен кездесу жиналысы өзара түсіністік, әңгімелесу, сұрақ-жауап түрінде өтіп, алдағы кезде де тығыз бірлікте жұмыс жасауға уағдаласылды.

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨПКЕ ОРТАҚ

Өткен аптаның жұма күні №13 Қыземшек сайлау округінен сайланған аудандық мәслихаттың депутаты Абдырахманов Бағдат Нұржанұлы Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінің акт залында өз сайлаушыларымен жүздесті. Жиынды кент әкімі Жұмабаев Ержан ашып, жүргізіп отырды.

Өз кезегінде мәслихат депутаты Бағдат Нұржанұлы кенттің өзекті мәселелерін айтып, қазіргі таңға дейінгі атқарылған іс-шаралармен, алдағы жылы жалғасатын жұмыс жоспарын халыққа таныстырды. Өзінің сайлауалды бағдарламасының орындалуы жайлы хабарлама жасады.

Кент тұрғындары мына төмендегі сауалдары мен



ұсыныстарын жеткізді. «Сымбат» балабақшасы мен «Самал» балабақшасына баратын аяқ жол салынса, жылу қазандығын толық

жұмыс жасалуын ықпал етіп, үйдің ауа температурасын біркелкі сақтап тұруды қолға алса және де 1-ші мөлтек ауданынан 2-ші мөлтек ауданына өтетін айналма жолды, Таңбалы тас көшесінен шыққан атауы жоқ 1, 2, 3 көшелерді асфальт төселсе деген ұсыныстар айтылды. Қойылған сауалдарға халық қалаулысы тарапынан нақты жауаптар қайтарылды.

Депутат Бағдат Нұржанұлы сайлаушылар айтқан мәселелерді тиісті орындардың алдына қойып, шешілуін бақылауда ұстайтындығын жеткізді.

Аудандық мәслихат депутаттарының сайлаушылармен кездесу жиналыстары одан әрі жалғасын табуда.

## САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Қараша айының жиырма төртінші жұлдысында №5 Наурыз сайлау округінен аудандық мәслихат депутаты болып сайланған халық қалаулысы, Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы өз округі сайлаушыларымен кездесіп, олардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Әуелгі кездесу жиыны аудан орталығындағы Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі ғимаратында өткізілді. Сайлаушылармен кездесу жиынын мектеп директоры Әлімбаева Гүлсара Сейтханқызы кіріспе сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды.

Кездесуге сайлау округіне қарасты тұрғындар, зейнеткерлер, мектеп мұғалімдері мен жұмысшылары және балабақша ұжымы жиналды. Олардың алдында халық қалаулысы аудандық мәслихаттың атқарған жұмыс-

тары жайлы жан-жақты баяндап берді.

Депутат Г.Есмұратованың баяндамасынан кейін сайлаушылар оған бірқатар сұрақтар қойып, жауаптар алды. Атап айтқанда: Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі күрделі жөндеуден өткізу және материалдық-техникалық базасын жаңарту, Е.Ембергенов көшесіне трансформатор орнату, І.Кеңесбаев көшесіне жаяу жүргіншілер аяқ жолы (тротуар), наурыз мөлек ауданында интернет желісін (сеть) жақсарту, З.Темірбекова, Руханият көшелерін жарықтандыру мен асфальт жол төсеп берсе деген ұсыныстарын жеткізді.

Мұнан соң кездесу жиыны түстен кейін Таукент кентіне қарасты С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің ғимаратында жалғасын тапты.

Ауыл тұрғындарымен кездесуді кент әкімі кіріспе сөз сөйлеп, ашып жүргізіп отырды. Халық қалаулысы өз сайлаушылары алдында сөз сөйлеп, мәслихаттың өткен мерзімде атқарған жұмыстарымен таныстырып өтті.

Өз кезегінде сөз алған сайлаушылар жыныс-ата көшесіне асфальтталдырса, жыныс-ата көшесімен саяжайға ойын алаңшасын салып берсе, сонымен қатар интернет желісінің өте төмен екендігі жөнінде ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Депутат Гүлшат Есбергенқызы сайлаушылар айтқан мәселелерді тиісті орындардың алдына қойып, шешілуін бақылауда ұстайтындығын жеткізді.

## ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН БІЛДІРДІ



№8 Сызған сайлау округінен сайланған аудандық мәслихаттың депутаты Бекішов Құрманғали Әбиұлы 2023 жылдың 27 қараша күні Қозмолдақ, Сызған, Қайнар ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Жиынды ауылдық округ әкімі Қайырқұл Мейірбекұлы ашып, жүргізіп отыр-

ды.

Өз кезегінде халық қалаулысы Құрманғали Әбиұлы үстіміздегі жылы аудандық мәслихат пен өзінің тарапынан атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталып өтті.

Жиында сөз алған сайлаушылар мына төмендегі сауалдар мен ұсыныстарын жеткізді. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін тоған салу, жолдың сапасын қадағалау, Т.Момбеков көшесіндегі тұрғын үйлерде жарық төмен болғандықтан қосымша трансформатор қойылса, Қозмолдақ ауылына спорт алаңын салу, оқушыларға арналған демалыс лагерін салу сияқты көптеген ұсыныс тілектерін білдірді.

Депутат Құрманғали Әбиұлы сайлаушылар айтқан мәселелерді тиісті орындардың алдына қойып, шешілуін бақылауда ұстайтындығын жеткізді.

Аудандық мәслихат депутаттарының сайлаушылармен кездесу жиналыстары одан әрі жалғасын табуда.

Созақ аудандық мәслихаты.

## «АЛТЫН ОРДАНЫҢ АЛТЫН ТАҒЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Жуырда Алматы қаласындағы Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында әкын, сазгер, драматург Байділдә Айдарбектің «Алтын Орданың алтын тағы» атты пьесалар жинағының тұсауы кесілді. Тұаукесер рәсіміне қатысқандар: Эльмира Тутубаева-академия кітапханасының меңгерушісі, Академия студенттері, Созақ ауданынан арнайы келген Нұрғайша Балаубекова аудан әкімінің құттықтау хаты мен сыйлығын тапсырып, автордың иығына шапан жапты. Б.Айдарбектің туыстары, жолдастары, бірге оқыған сыныптастары авторға құттықтау-тілектерін айтып, сый-сыяпаттарын жасады. Кітаптың тұсауын кес-



кендер: Тұрысбек Сәукетбаев-белгілі жазушы, аудармашы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Өтеш Қырғызбаев-жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Аманкелді Мұқан-өнертану кандидаты, Қазақстан Театр

сыншылар бірлестігінің Вице-президенті, Қазақстан Театр қайраткерлер одағының Төрақа мүшесі, Сәкен Жақсылықұлы-танымал әнші, Қазақстан Республикасының өнер қайраткері. Кітапқа пікір айтқандар: Тұрысбек Сәукетай, Анар Еркебай-кафедра меңгерушісі, өнертану кандидаты, профессор, Зухра Исламбаева-өнертану кандидаты, театртанушы, профессор Айжан Ахмет-театртанушы, аға оқытушы. Іс-шара барысында академия түлектері де күй тартып, ән шырқап, өз өнерлерімен бөлісті. Іс-шара барысы Евразия телеарнасының Жаңалықтар қызметінде көрсетілді.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Халықаралық тәжірибе негізінде өткен семинар

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей базасында Халықаралық тәжірибе негізінде ақпараттық оқыту семинары өтті.

Түркістан облысының әкімі Д.Сатыбалды білім саласындағы озық тәжірибелерді сараптап енгізу мақсатында жұмыстарын жүргізіп келеді. Созақ ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Сүйгенбаев Бақытжан Серікұлы әлемнің озық елдерінің бірі – Жапония мемлекетінің білім саласының ерекшеліктері мен танысу барысында облыс делегациясының тәжірибелік іссапарында алған тәжірибесімен бөлісті.

Іс-тәжірибедегі зерттеу бойынша мектеп тренерлерімен және сол зерттеуді жүзеге асыратын үйлестіруші топ жетекшілерімен, атап айтар болсақ мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп тренерлері және модернизациялан-

ған курстан өткен педагогтермен жұмыс жүргізілді.

Семинар барысында жасалған «Мұғалім тәжірибесіндегі сабақты зерттеу (Lessonstudy)» таныстырылымы жапон мектебінде техникалық қызметкерлердің басым жұмыстарын оқушылар өздері атқаратындығын және мектепте тамақтанатын асхананың болмауы, арнайы бөлмеде дайындалған асты оқушылар кезекшілік әдісімен таратып, өз оқу дәрісханаларында тамақтанатыны да аудиторияға ерекше әсер қалдырды.

Сонымен қатар, күншығыс елінің білім саласы мен сабақты зерттеу әдісі тәжірибесі аудан педагогтерінің үлкен қызығушылықтарын оятып, ақпараттық іс-шарада үлкен пікір алмасу алаңы орын алды.

**Ерік ДОСБӨЛОВ,**  
**Созақ ауданының**  
**білім бөлімінің**  
**әдіскері.**

## “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” Республикалық акциясы білім беру ұйымдарында жалғасуда

Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы аясында Созақ АПБ Әйелдерге қатысты



зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова баланы қорғауға, қоғамдағы отбасы мен ондағы ананың рөлін нығайтуға және отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Онда мемлекет тарапынан зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған шараларға кеңінен тоқталып, жиынға қатысушылар еркін тақырыпта пікір алмасты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

# Қоғамдық кеңес жылдық жұмысын қорытындылады

Қараша айының 23 күні аудан әкімдігінің жаңа кіші мәжіліс залында Қоғамдық кеңестің кезекті әрі қорытынды отырысы болып өтті. Жиынға аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасымен бірге 8 мүшесі қатысып отырды. Мұнан бөлек, қоғамдық кеңеске есебі қойылған ауыл әкімдері мен бөлім және мекеме басшылары және БАҚ өкілдері мен азаматтық қоғам өкілдері де қатысты. Сонымен, алғаш болып аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов өзі басқаратын бөлімнің 2023 жылдың 10 айында атқарған жұмыстарына есеп берді. Ерлан Болатханұлының баяндамасынан соң, қоғамдық кеңес мүшелері біраз сауалдар беріп, ұсыныс-пікірлерін айтты. Соңынан ішкі саясат бөлімінің басшысының есебін қабылдаймыз деген қарар алды.

Мұнан соң, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметкері Нұрғайша Балаубекова да қоғамдық кеңестің алдына шығып, бөлімнің өткен 10 айда атқарылған жұмыстарының есебін берді. Нұрғайша Махмұтқызының да баяндамасын мұқият тыңдаған қоғамдық кеңес мүшелері сұрақтар қойып, ұсыныс-пікірлерін айтты және бөлім басшысы Мерей Ниязәліұлының неге келмегендігі жөнінде сұрады. Нұрғайша Балаубекова бөлім басшысының Түркістан қаласында маңызды бір ісшарада жүргенін мәлімдеді. Дегенмен, қоғамдық кеңестің төрағасы да мүшелері де жалпы есеп беретін ауыл әкімдері мен бөлім және мекеме басшыларының өздері келуі қажеттігі жөнінде ескертті және есебін қабылдады.

Онан кейін аудандық қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары жөнінде баяндама жасады. Қаржы бөлімінің басшысына да есебіне қатысты сауалдар беріліп, ұсыныс-пікірлер айтылды. Осы ретте, қоғамдық кеңестің мүшесі Талғат Жұмақов Ербол Айдарбеков пен кеңес мүшелеріне өзінің қараша айының 14 күні «Story Gaz Company» ЖШС-нің директоры О.Қалиақпаровтың атына хат жазғанын мәлімдеді. Хатта Қалиақпаров мырзадан «ОҚО Созақ ауданында АГТС бар магистральды газ құбыры- тармағын салу» жұмыс жобасы бойынша қаралатын мәселелерге сәйкес, толық ақпарат беруің және 2019 -2023 жылдар арасында тапсырыс беруші мен мердігер арасында түзілген келісім шарттардың көшірмелерін және осы жылдар аралығында атқарылған жұмыстардың көлемі бойынша нақты ақпарат алуға ықпал етуін сұрағанын атап өтті. Алайда, О. Қалиақпаров мырза қоғамдық кеңестің 2023 жылдың 23 қарашасында өтетін отырысқа келмек былай тұрсын, хат жазып жауап та бермегенін айтты. Бірақ бұл сұраққа жауап берген қаржы бөлімінің басшысы бұл сауалдың өзі басқарып отырған бөлімнің құзырына жатпайтынын мәлімдеді және аудан әкімдігі бұл бағытта жұмыстар жүргізіп жатқанын айтып өтті. Ербол Айдарбековтың да есебі қоғамдық кеңестің мүшелері тарапынан қабылданды.

Келесі болып Жартытөбе ауылдық округының әкімі Данияр



Жүсіповтың есебі тыңдалды. Жүсіповке де сауалдар біріліп, ұсыныс-пікірлер айтылды. Жақында ғана сайланған ауыл әкімінің алдағы жұмыстарына сәттілік тілеген қоғамдық кеңес оның да есебін қабылдауға қарар алды.

Соңғы түйенің жүгі ауыр деп, соңғы болып есеп берген Құмкент ауылдық округінің әкімі Ерзат Балықбаевтың есептік баяндамасы да тыңдалды. Бұл әкімнің де жаңадан сайланып, қызметке енді кіріскені ескеріліп, алдағы қоғамдық кеңестің отырыстарына тыңғылықты дайындалып келуі қажеттігі ескертілді. Жоғарыда айтқанымадай, соңынан есеп берген Ерзат Балықбаевқа берілген сауалдар да аса күрделі болды. Себебі, жуырда ғана Құмкент ауылында «Қазфосфат» компаниясының қоғамдық тыңдауы болып өткен еді. Сондай-ақ, «Шолаққорған- Құмкент» бағытындағы автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатқан еді. Міне, нақ осы «Шолаққорған- Құмкент» бағытында жүргіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілмей отырғандығына Құмкент ауылының тұрғындары біраз уақыттан бері өз алаңдаушылықтарын білдіріп келеді. Тұрғындардың бұл алаңдаушылығын ескерген «Аманат» партиясының ауданымыздағы филиалының төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Ернар Сағындық, филиал жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы Берік Тұрғанбаев пен аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Талғат Жұмақов және «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы Данияр Бек және мүшелері: Мүсірәлі Шалмұханбетов пен Байділдә Айдарбеовтер қоғамдық бақылау жасаған болатын. Бақылау барысында Құмкент ауылының әкімі Ерзат Балықбаев пен мердігер компанияның өкілдеріне жолығып, ауыл халқының алаңдаушылығын ескерткен еді. Тіпті, Талғат Жұмақов қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқарма басшысының міндетін уақытша атқарушы Қ.Жұматаевқа хат жолдаған еді. Хатта: Құрметті Қуатжан Әзімбайұлы!

23 қараша 2023 жылы сағат 10-00 де өтетін Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісінде Созақ ауданы «Шолаққорған-Құмкент», «Шолаққорған- Таукент», «Таукент- Созақ», «Созақ- Қарағұр», «Созақ-Ыбырай» бағытындағы автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстары бойынша қаралатын мәселелерге сәйкес, толық ақпарат

беруіңізді және қорытындысы бойынша хабарлауыңызды сұранамын!» делінген көрінеді. Алайда, Қуатжан Жұматаев та бұл хатқа сөзі мен де ісімен де жауап қатпапты. Міне, осы мәселе жөнінде қоғамдық кеңестің отырысына келген Құмкент ауылының тұрғындары қоғамдық кеңестен нақ осы «Шолаққорған- Құмкент» бағытында жүргізіліп жатқан автомобиль жолының құрылысына қоғамдық бақылау жасауларын талап етті. Қоғамдық кеңестің отырысына аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі әрі азаматтық қоғамның өкілі ретінде мен де қатысқан едім. Өз кезегімде мен де «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде сөз алып: «Құрметті Қоғамдық кеңестің төрағасы және мүшелері! Өздеріңіз байқап отырғандай, Құмкент ауылының тұрғындарының жоғарыда айтылып, жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарының жайы қоғам тарапынан бақылауды қажет ететінін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Оның үстіне, осы жолға жауапты басқарма басшылары сіздердің әріптестеріңіз боп табылатын Талғат Бейсенбекұлының хатына жауап беруді жөн көрмепті де. Ендеше, бұл мәселеге жеке, қоғамдық мүшесінің атынан емес, кеңестің атынан хатпен шыққан жөн шығар. Сіздерденөздеріңіз өкілі болып табылатын Созақ аудандық азаматтық қоғамының, Құмкент ауылының тұрғындарының алаңдаушылығын назарға алуларыңызды және бақылауларыңызды сұранамын. Әрине, қоғамдық ұйым ретінде «Ел Мүддесі» ҚБ- де бұл мәселеге қоғамдық бақылау жасайды деп сіздерді сендіремін. Дегенмен, Созақ аудандық Қоғамдық кеңесі деген, аттарыңыздан ат үркетін ұйымсыздар, жерлестеріңізді ендігі үміті сіздерде!» деп, қоғамдық кеңеске ұсынысымды айттым. Сонымен, Қоғамдық кеңестің төрағасы да мүшелері де менің және Құмкент ауылының тұрғындарының ұсынысын орынды деп тауып, Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқарма басшысының атына хат жазатын болып қарар алды! Соңынан Қоғамдық кеңестің төрағасы мен мүшелері оңаша қалып, жыл бойын атқарған жұмыстарын қорытындылады және алдағы жылы атқаратын жұмыстарын ақылдасып алды.

**Данияр БЕК,**  
**«Созақ үні»**  
**газетінің тілшісі,**  
**«Ел Мүддесі» ҚБ-нің**  
**төрағасы**

Елдің бейбіт тыныштығы, сәбидің алаңсыз ұйқысы мен тәтті күлкісі ақ бесігінен өрбігеніндей, біз тұрып, тыныс алып өмір кешіп жатқан өлкенің ұлық ордасы, рухани бесігі-музей. Созақсыз қазақ, қазақсыз Созақ тілге тиек бола алмайды. Сөздің басы Созақтан, ұлттың басы қазақтан. Аудан жұрты бір жылдың ішінде ел ұмытпай айта жүретін үш габратты іс істеді. Оның біріншісі жерлесіміз, алты алаштың ардағы Сұлтанбек Қожановтың музейі үшін ашты, Сұлтанбек Қожановтың есімін Калинин колхозына берді. Үшінші республикалық деңгейде ел таңқаларлық 100 жылдық мерейлі мерекесін атап өтті. Осы тірліктің бәріне куә болдым. Сұлтанбек Қожановтың елге етене танылуына оның музейін ашуға, есімін ұлықтауға бүкіл аудан жұртшылығы жұмыс жасады. Қор ашылды. Сол уақыттағы аудан әкімі аппаратынан бастап барлық колхоз басшылары, мекеме, мектеп, ұйымдар, жекелеген азаматтар аянып қалмады. Музейдің жайы белгіленіп, ішін жабдықтау да оңай болмады. Тарихшы Дулат Тұрантегі көкеміз арысы Орынбор, Ташкент, Алматы, Астана, берісі Түркістан, Шымкент қалаларына сапарлап мұражайға керекті жәдігерлер, деректі құжаттар жинаумен айналысты. Созақ ауданындағы елге рухани тұрғыдан көрсетерлік музейді- Сұлтанбек Қожанов пен Созақ халқының арасындағы алтын көпір десек болады. Әрине, әркім кітапханадан, интернеттен, ел ішіндегі дуалы аңыз кісілерден есту, бірақ көбі ізденіп, іздегенін таба бермейді. Ал музейге келсе барлық керекті ақпараттарды ала алады. Жаңа музей ашылған күннен бері музейге аяқ баспаған аудан тұрғындары кемде кем. Қалалардан, өзге облыс, аудандардан Созаққа аяқ артып келгендер музейге соқпай кетпейді. Әнші де, ғалым да, жазушы, ақында, мемлекет қайраткерлері, спортшылар, бәрі-бәрі музейге кіріп, аралап көріп, жәдігерлермен танысып өтеді. Музейге жанашыр жандардан аты-жөндерін айтпаса да болар еді. Өнер мен мәдениеттің жанашыры ретінде өздерінің ойпікірлерін, сыныстарын айтып айына кеміне бір-екі рет соғып кетіп тұратын азаматтарды білеміз.

Шолақорған ауылында Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейінің құрылысы аудандық бюджеттен соғылды. Құрылыс жұмыстары 2019 жылы басталып, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында 2021 жылы ел игілігіне берілді. Осылайша ширек ғасырға жуық ескі және шағын ғана ғимаратта орналасқан музей, енді жаңа, зәулім нысанда халыққа қызмет көрсете бастады. Музей-өткеннің шежіресі. Сондықтан да жаңа музей ғимараты терең тарихы, құнды жәдігері мол Созақ ауданы үшін ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына лайықты тарту болды. Біздің алдымызда музей жұмысын жандандырып, халыққа рухани азық беретін құнды жәдігерлермен толықтыру міндеті тұр. Музейде тарихи мұраларды сақтау үшін барлық жағдай жасалған. Орта ғасырдан жеткен жәдігерлер, қазан төңкерісіне дейінгі жергілікті халықтың тұтыған заттары, балбал тастар, жергілікті күйші, ақын-жазушылар мен спортшылардың құнды дүниелері, ел Тәуелсіздігінен, аудан тарихынан сыр шертетін мұралар орналасқан. Қазіргі таңда музей қорында 2700-ден астам астам жәдігер сақталған.

Жаңа ғимараттың соғылуына ықпал еткен азаматтарға ризашылығымды білдіремін. Біз қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың есімін қайта жаңғырттық. Келесі жылы 130 жылдық мерейлі шарасы аталып өтуге тиіс. Музей қызметкерлерінің алдында болашақ үшін мәдени мұраны сақтау, құнды тарихи жәдігерлерді насихаттау, оны ел ішінен толықтыру сынды үлкен міндет тұр,-дейді музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек.

Музейдің алға қойған басты мақсаты тарихымызды таныту, білімімізді кеңейту, өнерімізді өрістету, жергілікті ақын-жазушыларды тұлғаландыру, Созақтың да өзіндік қазақ мәдениетіне қосар үлесі бар екендігін көрсету, құм астында қалған тарихи мұраларымызды мұраттау. Бүгінде ашылғанына екі жыл ғана уақыт болған Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі көптеген игілікті шараларды атқарды. Оны ел-жұрт түгел көріп, естіп отыр. Білікті басшы басқарған жұмыс тынымсыз тарих көшіне ілесумен



## РУХАНИЯТ БЕСІГІ

келеді. Өз істеріне жауапты, тындырымды азаматтар жұмыс атқарып жатыр. Алдағы уақытта сонау өткен ғасырларда, Кеңес одағы кезінде ауданда музей деген атымен жоқ кезде көзге ілмеген дүниелерді Созақ тарихына қатысты жәдігерлерді енді жинақтау керек. Республикалық деңгейде республика көлеміндегі музейлерге сауын айтудымыз керек. Әр дүние, әр тас, әр мүлік, әрбір жәдігер өз топырағында өз жерінде жатуы керек. Оларды жаны жоқ дүние деп ойлама. Ол заттарда, ол жәдігерлерде жан бар, жүрек бар, ұлылардың рухы бар. Иесі мен киесі бар. «Жанын ауыртар болсаң, тастан да тамшы жас шығар». Сондықтан бұл мәселеде бар жүкті музей қызметкерлеріне артып қоймай, жұмыла көтеруіміз керек.

Созақ, Шолақорғаннан бастап ауданның барлық ауылдарында көне заттар ауыл тұрғындарының қора-қопсыларында жатыр. Аудан көлемінде әрбір ауылдан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды «музей жанашыры» ретінде қоғамдық негізбен музейге тартып жұмыс жасасақ, марапаттасақ, алғыс

қойдырып, білекті деген жігіттердің қолына ауыл ұстасының сом балғасын ұстатып, жігіттер тасты ұрып сындырады. Сол тасты тауып бізге хабарласқан Шаға ауылының тұрғыны Қостаншаев Қабыл Тойымбекұлы мен «Ағалақ» елді мекенінің тұрғыны Әбенев Бауыржан есімді азаматтарға үлкен алғыс айтамыз. Сол күні сол уақытта аудандық мәслихаттың депутатығына үміткер, ел-жанды азамат Бақдәулет Баймұсаев екеуіміз Шаға ауылына жол тарттық. Қаншама жылдар өтті. Санамалап көрсек 80 жылдан асып кеткен. Тастар сол күйінде жақсы сақталыпты. Үшке бөлініп түскен тастарды алты жігіт екі-екеуден көтеріп біз барған көлікке зорға салды. Сол ағалардың аманатын қаперге алып аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы музейіне әкеліп тапсырдық. Музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек, сондай-ақ музей қонақтары, ауыл ақсақалдары тасты көріп өз ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді.

ҚР Рәміздерінің 30 жылдығы аясында 2021 жылдың мамыр айында Түркістан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен

мен оның тәуелсіз Қазақстан рәміздерімен байланысын атап өткен ғалымдар шараның ашылуында тұшымды ой қозғады. Рәміздер тарихы ежелден басталады. Ол көне заман, түркілер дәуіріндегі таңбалар, хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен тығыз байланысты. Мемлекеттік рәміздер – мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы. Бүгінгі Арпаөзен таңбалы тастарына жасаған экспедиция мақсаты – осы ежелгі заманнан келе жатқан символиканың ХХІ ғасырдағы тәуелсіз Қазақстанның рәміздерімен тығыз байланысын насихаттау.

Киелі Созақ жерінде орналасқан Арпаөзен таңбалы тастары немесе Арпаөзен петроглифтері – қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартаста таңбаланған суреттер. Біз осы тарихи жәдігерді кейінгі ұрпаққа жеткізуде вандалдардан қорғауымыз

керек. Ол үшін бұл жерде туризмді дамытып, петроглифтерді ЮНЕСКО тізіміне енгізу керек. Экспедиция сапарының қорытындысымен Созақ ауданындағы тарихи нысандарды туристерге насихаттау мақсатында «Шығыс сақинасы» тұжырымдамасы жасалады. Сондай-ақ Түркістанда сол жылы жазда ҚР Рәміздерінің 30 жылдығына орай Арпаөзен петроглифтерінің суреттерінен фотокөрмесі өтті. Одан бері де еңбек адамдарының, ақын-жазушылардың, суретшілердің шыармашылық кештері мен көрмелері өткізілді. Музей мүлгіп тыныс жатқан жоқ.

Созақ-ең бірінші қазақ хандығының алғаш туын тіккен ұлттық рухтың ордасы. Созақ-аңыз ұялаған өңірінде 200-ден астам әулие-әмбиелер жатқан киелі мекен. Созақ-«Созаққа барсаң күйшімін деме...» демекші күй өнерінің құтты мекені. Созақ-ақын-жазушылары арқылы өзін, өзі арқылы ақын-жазушыларын танытқан өнерлі өлке. Созақ-құмның сусыған үні мен сексеуілдің ызың қаққан әуені, жақпар тасты тауы, сарқыраған өзені, толқыны желмен ойнаған көлдері бар, географиялық жағынан табиғаттың барлық сан қыры табылатын бірден бір аудан. Созақ-Таңбалы тас, Қылыш қара, Арпа өзен, Келіншектау, Мыңжылқы, Ақбикеш сияқты табиғат астында жатқан қайталанбас мұрасы бар өлке. Созақ-өзінің Созақ екендігімен ерекшеленетін, өзін сүйгенді сүйетін мейірімді мекен, қонақжай атырап. Өзін мазақ еткенді қазақ етпейтін, касиеті тылсым табиғатынан табылатын қаһарлы аймақ. Созақ-ынтымағы арқылы ырысын, ырысы арқылы тұрмысын, тұрмысы арқылы мың ісін баянды еткен ежелгі ел, жаңарған жұрт. Айтқандай, 2017 жылы Созақ ауданындағы Келіншектау етегінде орналасқан Абай елді мекенінде ХІІ ғасырға тән екі балбал тас табылды. Көне тас ескерткішті жергілікті тұрғындар Қаратау жазығындағы Арпа өзені бойынан байқаған. Ер мен әйелдің сұлбасы қашалып бейнеленген тас, орта ғасырдағы тарихтан сыр шертеді. Бүгінде ол балбал тастар музейдің ең құнды жәдігерлерінің бірі. Мен Арпаөзенді айтып отырған себебім Арпаөзен, Таңбалы тас, Суындық, Қойбағар, Қылышқара жерлеріндегі таңбалы тастарды аспан асты музейіне айналдыру, оны «өлкетану» деп аты айтып тұрған аудандағы Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейінің қамқорлығына алынуы керек. Сонда музейдің аясы кеңейеді. Басына қарауыл қойып қоймаса да ел иесі бар екенін сезінеді. Аудан жұртшылығы арасында құндылықтарымызды вандализмнен қорғау үшін түрлі насихат жұмыстары қатар жүргізіле береді. Жалпы ұзын сөздің қысқасы ауданымыздағы мәдениет пен өркениеттің шырақшысы өлкетану музейіміздің өрістеп өркендеуі, жан-жақты дамуы сол музейді тамашалайтын сіздер мен біздерге байланысты.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,**  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.



жариялап көтермелесек жұмысымыз жүрер еді. Музей біздің ортақ қарашаңырағымыз, ал қарашаңырақтан созақтықпын дейтін азамат қол үзбеу керек.

Белсенді азаматтарымыз бар. Оларға да айтар алғысымыз шексіз. Атап айтсақ өткен жылы үлкен сауапты, иігілікті, өнегелі істің куәсі болдық. Ол сонау Ұлы Отан соғысы жылдары қазақтың даңқты палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов Созақ ауданындағы қырық колхозды аралап өнер көрсетіп жүріп, Шаға елді мекеніне қарасты Ағалақ ауылында көк майсалы бұлақтың жағасында елдің көзінше Қажымұқан палуан өз кеудесіне үлкен қой тасты

тарихшы ғалымдар мен археологтардан құралған экспедиция Созақ ауданындағы Арпаөзен бойындағы таңбалы тастар тарихымен танысуға сапарлап келді. Экспедиция құрамында облыс әкімдігінің басшылығы, тарих ғылымдарының докторы, РК ҰҒА академигі Бауыржан Байтанаев, қазақстандық суретші-реставратор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қырым Алтынбеков, қазақстандық кинорежиссер, Канн фестивалінің лауреаты Сергей Дворцовой, жергілікті археологтар мен тарихшылар, журналистер болды.

Таңбалы тастардың шығу тарихы

# Соғыс кезіндегі тағдыр

«Қара қағаз» шайқалтып шаңырақты,

Азаматсыз қаңырап, ауыл жатты.  
Біздер көрдік жесірдің мұңданғанын,  
Біздер көрдік ананың жынданғанын.  
Біздер куә соғыстың қазасына,  
Біздер куә ауылдың азасына.  
Сойқан соғыс ажалын ала келді,  
Зұлмат соғыс еліме нала берді.  
Қара дақ боп тарихта қала берді,  
Сол кездері бүкіл ел қаралы еді.

Сол кездері бүкіл жұрт жаралы еді.  
Анамды көрмегелі екі үш ай өтіп кеткен соң іздеп үлкен баз қоймаға келсем Тоты жеңешемнің күйеуі Керім жәкем: «Шешенді іздедің бе ертең кел деді де, маған май жейсіңбе деп сұрады. Сөйтті де, бөлмедегі флягтың қақпағын ашып, 1 метрлік линейкамен күйдірілген сары майды алып, же деді. Мен қылғытып жатырмын. Жүрегім айнып жол жөнекей лоқсып, қайта қайта аузыма май келіп, үйге жеттім. Кіргенім сол, дәлізден Музгарка деген итіміз шығып бара жатты. Жатқан орнының топырағы қосып, дөп-дөңгелек әдемі шұңқыр болып қалыпты. Қызығып ит жатқан орынға жатсам, ұйықтап қалыппын. Тұрсам құлағым күңгір- күңгір етеді. Бір нәрсе жүрген сияқты.

Ал енді келесі күні базға тағы барсам, аппақ орамал тартып алған әйелдер елекпен бидай сазалап отыр екен. Олар бір-бірімен сөйлеспейді, жан-жақтарына қарамайды екен. Ұқсастықтары соншалық, адам ажыратып болмайды. Аңтарылып тұрып, біреуінің иығынан түртіп едім, кемпір екен, шошып кеттім. Әй, не де болса осы шығар деп келесі біреуін түрттім, жаңағыдан да бетер кәрі біреу екен. Ол бетіме қарап тұрды да, Әлиманды іздедің ба, ол арық қазып жүр, бізден жас қой деді. Сонымен шешемді таппай үйге келдім. Абырой болғанда шешем жұмыстан ерте келді. Құлағымды айтып едім қарап ештеңе таппай, насыбайдың суын тамызды. Артынша құлағым шамалы күңгірледі де қойды. Балалардың шуылдап суға шомылып жатқанын естіп, мен де барып суға түстім, шықсам мұрнының ішінен бірдеңке түсіп келе жатқандай болды, сығып едім бір дәу құрт түсті. Енді сол құлағымнан бұлақ ағатын болып қалды. Әскерге барғанда әскери госпиталда емделіп, құлан таза жазылып келдім.

5 кластан бастап бізге Сариев Өтеген, Қайырбек, Ескендіров Мұхит қосылды. Үлкен үзіліске шыққанда Файзұлла ағай бәрімізді жинап алып түрлі іс-шаралар өткізеді. Күреске Ахметбек шығып Үсембаев Тамашты жеңді. «Біздің соқыр палуан ғой» деп Айтқожа қуанып жүрді. Одан өлең айтуға кім шығады деп еді Тоқмейілов Елеу шығып: Мейірман ау, Мейірман, Жаңа келдім қиырдан, Жаман тоным жалп етіп, Жығылып қалдым сиырдан, – деп құлап түскенде бәріміз күлеміз. Келесі өлеңді Қоңырбеков айтады деп ағай мені шығарды.

Мен:  
-Болған екен поп молда,  
Пайымдауға жоқ молда.  
Бір күн барған базарға,  
Оны мұны қарауға,- деп Пушкиннің өлеңін айтып шықтым.

Ағайлардан Күнтубаев Жаманбай (директор), Өтеп ағай, Тоқжігіт ағай, орыс тілінен беретін Нағи ағай өтіп бара жатып, кейде біздің өткізіп жатқанымызға қызығып қарайтын.

5-6 класс оқушыларын колхоз жұмысына ала бастады. 6 класта бәрімізді көктемгі төл алу науқанына апарды. Өрістен туған қозыларды анасымен жылы қораға қамаймыз. Қыздар ауқат істеп, нан пісіруге көмектеседі. Бір күні кешке бәріміз киіз үйде отырғанбыз, күн жәйлап жауып тұр. Сыртқа шыққан қыздар апыр-топыр үйге жүгіріп кіріп бірнәрседен қорқып жатты. Далада шайтан бар, көздері от шашып ойнайды дейді. Бәріміз үн түнсізбіз, қорқамыз. Бәріміздің қорыққанымызға мен намыстанып, қолыма таяқ алып сыртқа шықтым. Расында бір жерден от сияқты нәрсе шығып жүр екен. Шайтан бісімілледен қорқады дегенді естуім бар еді. Соны айтып жаңағы жерге келіп таяғымен салып салып жібердім. Бұрқ бұрқ еткен күлдің шоғы ұшып жатты.

Соғыстың зардабы өте ауыр болған еді. Адамсыз қаза болмаған үй жоқ. Он екі мүшесі суа келген Әлібай жәкемді ғана білемін. Тірі келгендері ақсақ-тоқсақ, мүгедек. Айтар болсам Сәлік, Қоныс, Қытайбек, Төрежан, Тоқжігіт. Олар мүгедекпіз деген жоқ. Соғыстан келе совхоздың жұмыстарына белсене араласты. Бәрінің соңында ұл-қыздары, ұрпақтары қалды. Енді халық үкіметтен үлкен жақсылықтар күте ба-



стады. Расында әр үйге бір сиыр, бес қойдан бере бастады. Адамдардың жүздерінде қуаныш, өмірге деген құштарлық пайда бола бастады. Ауылға күнде болмаса да күнара келіндер түсе бастады. Кешке ауыл адамдары тойға жиналады. Бір үй мата апарса тағы келесі үйлер құрт, ірімшік, қауыншек, бір тостақ бауырсақ апарды.

Әркім тапқанын ала барып өз дастархандарына әкелгендерін жайғанда енді бұндай үлкен молшылықты көрмеген біздер үшін қызық еді. Сонда сол дастарханға отыратын біздер еді. Сонда аналарымыз біздің болашағымыз, кемістігіміз осылармен толады деген екен ғой. Беташарға бет ашатын Кенжебай атаны алып келетін. Сиыр баққанда өзімен бірге алып жүретін қалақ домбырасын алып беташарда былай деп бастайтын:

Құтты болсын ағайын баламыз келін әкепті-ай,

Жақсыда жаттық жоқ деген.  
Өзіңде біліп аларсың еліңді келін көп өтпей

Анау тұрған қоқиып Қоңырбек атаң біліп қой,

Қораға үрген төбеттей.  
Оған дағы бір сәлем.

Әлекей мен Шөлекей нағашың молла Төлекей оғандағы бір сәлем.

Қызыл жасыл алау бар,  
Желбіреген жалау бар,  
Қауын ексе Иманқұл

Тал қорыған Таңау бар,  
Екеуіне бір сәлем.

Қамдарыңды ойлаған  
Бұлбұлдайын сайраған  
Қорықтастан ұстап-ап  
Жыланның басын шайнаған  
Әлиманға бір сәлем.

Әлиман менің анам ғой. Жыланды шайнап өлтіретіні былай болған екен: Соғыс жүріп жатқан жылдары колхоз Маралбай жызығына (Құрсай жақ) егін егеді. Кейбіреулер жеркепе қазып алады. Көбісі Құмкентке қатынап істейді. Ал біздің үй жеркепеде тұратын. Біздің үйге қонған Ақжібектің (Даулеталының әйелі) айтуына қарағанда түнде қатты жаман дыбыстан оянып кетіп қараса Әлиман бірдеңе іздеп жүр екен. Пілешам өше жаздап қымыңдайды. Қараса бір жылан бесікке қарай бара жатыр екен. Ә дегенше болған жоқ. Әлиман басындағы жаулықпен жыланды жауып жібердіде басынан шайнап шайнап жіберсе болама. Ой Құдай-ай мұндайда қайсарлық болады екен деп айтып жүретін.

Көптеген үйлерге қара қағаз келді. Кейбірі қаралы қағаз келісімен көп өтпей өздері аман-сау келгендеріде бар еді. Солардың бірі Ершай. Ершай ерлікпен қаза тапты деген хабарды алған үй іші Құдайысын беріп, Құран оқытты. Сонда Алтынкүл апамыз

Жігіт едің ау кемеңгер,  
Ершайда болдың командир.  
Амандығыңды тілеуші едім,  
Аузымнан түспей тобам бір.  
Шығыпта кетпей кеудемнен,  
Шырылдап қалды-ау бір жаным.

Көкелеп ерген соңыңнан,  
Әкесіз қалды-ау қайтейін.

Күлжан менен Жұржаның деп жоқтау айтып жүргенде, Ершай аман-сау келіп елін қуантып екі ұлды болып, екеуі де мектепке бара бастаған жылдары, 1953 жылы Сталиннің артынан шын дүниеге аттаныпты ғой жарықтық. Соншалықты қайрат күшпенен ерлердің ісін істеген, мейірімі төгіліп тұрған, жүзі жарқын, тілі дархан, құшағы кең қонақжай: Ақшабек, Ақжібек, Айман, Құндыз, Әлиман, Озила, Қыздығой, Рысбике, Қаным, Тәжен, Балықұл, Алтынкүл аналар-ай. Әруақтарың разы болу үшін сендерді еске алып өтемін.

**Ордабек ҚОҢЫРБЕКОВ,**  
87 жастағы тыл ардагері.

Ол жастайынан бейнелеу өнеріне бейім болды. Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесінің сәулеттік өнеріне сол бала шағынан қызыға қарайтын. Жылыбұлақтың көркем табиғатына қызыға қарап, осы көріністі қағаз бетіне түсіріп бейнелесем ғой деп арман жетегіне берілетін. Үйрек ұшып, қаз қонған сәт өте керемет-тін. Әсемдік әлемі Биболатқа осылай әсер етті.

Б.Рабатов Құмкент ауылындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінің табалдырығын аттап, осында білім нәрімен сусындады. Білім ұясында жүргенде-ақ сурет салуға құмар тты. Әкесі қалаға барғанда түрлі-түсті қалам, түрлі бояулар ала келгенді. Соны қолына алып, қуанғаннан оны достарына көрсеткенше асықты. Сыныптастары да оның қанды дүниесіне қызыға қарап, бала жүректері алып ұшып қуанған.

Еңбекқорлығы арқасында ол бейнелеу өнері жайлы көп ізденді. Танымал суретшілердің туындыларына қызығып, дәл солардай салсам болар еді деп армандайтын. Сурет өнерінің қыры мен сырын үйренуге бар уақытын арнады. Осы өнерді серік еткен күннен бастап оған шынайы табиғи суреттер салу машығы

## Бейнелеуге бейім Биболат еді

жақын болды. Кескіндерді барынша дәл әрі нақты салуға күш жұмсады. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен аудандық сурет өнері байқауларына қатысып, бағын сынады. «Бала суретші» атанып, жүлделерді иеленді.

Б.Рабатов сурет өнерімен бірге жазу-сызуға да жақын болды. Жазған мақалалары мен әңгімелері, өлеңдері сол кездегі «Молшылық үшін» газетіне жиі жарияланып тұрды. Аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі де болды. Ауылдағы жаңалықтарды дер кезінде аудандық басылымға жолдап тұрды.

Сурет өнерінің талай майталмандары Биболат салған өнер туындыларын жоғары бағалады. Ол оюлардың неше түрін жасап, оны құрастырып кітап етіп шығарды. Суретші ағамыз өнер өлкесінде өзіндік із салумен бірге өнер мектептерінде осы сала бойынша дәріс беріп, ұстаздық етті.

Кейін Б.Рабатов Шымкент қаласына қоныс аударып, сонда тұрды. Суретшіге қаладағы өнер ордалары есіктерін

айқара ашты. Университеттің көркем өнер және сурет факультетіне осы сала бойынша дәріс берді.

Тынымсыз ізденісте жүретін Биболат сурет салумен бірге жоғарыда айтқанымыздай әңгіме, өлең, мақала, новелла жазудың да хас шебері-тін. Көрген білгенін, көңілге түйенін қағазға түсіріп ала қоятын. Аудандық, облыстық, республикалық мерзімдік басылымдарда жазған дүниелері үздіксіз жарияланып тұрды.

Телеарналардан Б.Рабатов жайлы бірнеше хабарлар түсіріліп, көрермендер назарына ұсынылды. Оның қыл қаламынан туған «Туған жер», «Баба Түкті Шашты Әзіз», «Алғашқы ұстазым», «Мектебім», «Ана», «Әкем менің», «Киелі мекен Теріскей», «Жылыбұлақ», «Достарға сағыныш», «Ысқақ бап кесенесі», «Одаман асуы», «бақытты балалық шақ», «Киелі мекенім-ай» «Қызылкөлдін жағасында» атты туындылары көрермендердің үлкен бағасын алды.

Ауылға, туған жерге ол ат басын жиі бұратын. Келген

сайын салған суреттерін, жасаған оюларын ала келіп, аудан орталығында, Құмкент ауылында, Бабата елді мекенінде көрмелер өткізетін.

-Елге келген сайын қуаттанып, шабыттанып, ерекше әсерге бөленемін,-дейтін суретші ағамыз. Өңіріміздің 90 жылдық мерейтойында ауданға арнайы келіп, «Мыңжылқы» мәдениет сарайында кең көлемді көрме ұйымдастырып еді. Теріскейдің талантты азаматы Шымкент қаласында да талай көрмелер өткізді. Баспа-ларға ол кісі жиі баратын. Ондағысы жылт еткен дүниесі болса, оны дереу кітап етіп бастыра қоятын.

Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзіз баба жайлы да көнекөз қариялардан естіген әңгімелерін өзінше қорытып мақала, әңгіме етіп жазып жүретін.

Қызы Аяулым Биболатқызы қазір елге танымал мықты дизайнер. Шымкент қаласында баспада қызмет жасайды. Әкесінің өнердегі сол салада жасаған еңбектерін жинақтап баспаға ұсынып жүргенде Аяулым қарындасымыз.

Бала кезінен өнердің айдынында еркін жүзген Биболат өмірде өте қарапайым, бауырмал, көпшіл азамат еді. Сыныптастарының барлығының кескінін айнытпай салып, өздеріне сыйлық ретінде ұсынып жүретін.

Биболат ағаның өнер өлке-сіндегі еңбегінің шоқтығы биік. Бір бойына барлық өнерді жинаған сегіз қырлы, бір сырлы азамат болатын.

Сөмкесін иығына іліп, күлімдеп, редакцияға жиі келіп тұратын. Келген сайын мақала, болмаса әңгіме немесе салған суреттерін ала келетін. Өмірінің соңғы кезінде ұлттық өнер оюлардың бірнеше түрін жасап, оны бастырып кітап етіп шығарды.

Ол кісіде бос уақыт деген болмайтын. Үнемі шығармашылық жұмыспен айналысып жүретін.

Сол асыл азамат, белгілі суретші ағамыздың ортамыздан кеткеніне де екі-үш жылдың жүзі болды. Өнерге барлық ғұмырын арнаған Биболат Рабатовтың есімі оның ізін қалдырып кеткен өнер туындылары тұрғанда ұмытылмақ емес. Жылдар өткен сайын ол жайындағы естеліктер, көз көргендердің әңгімелері айтыла беретіні хақ.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**

# АҒАЙЫНДЫ ӨНЕРПАЗДАР

1976 жылы біздер, Созақ ауылындағы Ә.Науайы атындағы жалпы орта мектепті 78 оқушы бітірдік. 10 жылдан соң 1986 жылы алғашқы кездесуімізді өткіздік. 2001 жылы мектеп бітіргенімізге 25 жыл толып, екінші кездесуіміз болды. Бұл кездесулерге сыныптастар толық келе алмады. 2016 жылы ұйымдастырылған 40 жылдықтан бұған дейін көрмеген кейбір сыныптастарымызбен қауыштық. Бұл кездесуде барлығымызда ұялы байланыс телефондары болғандықтан нөмірлерімізді алмасып, хат-хабар алысуды жолға қойдық. Телеграм әлеуметтік желісінде арнайы сыныптастар чатыны ашып алдық. Бір-бірімізбен тығыз байланыс орнатылды. Негізі айтпағым, солардың бірі, кластасым-Қорғанова Гүлшем Сейіткәрімқызы туралы болмақ. Ол мектеп бітірген соң жүрек қалауымен Сызғандық жерлесіміз Қыдырбаев Жұмабек деген жігітпен отау құрған еді. Жуырда Гүлшем сыныптасымыз ортақ чатта қыздарының жетістігімен бөлісіп қалды. Қарап тұрсам сыныптасымыз үш өнер таланттарын дүниеге әкеліпті. Назирасы кәсіпқой домбырашы, Айнура қобызшы, Сұлтан кәсіпқой дизайнер және анимациялық кино режиссеры. Музыка мен өнерге бейімділік көбірек генмен келетіні белгілі болғандықтан сыныптасымыз балаларының ата-бабаларын сұрастырсам, аталары Өмірбаев Рысбай күйші, оның ұлы Өмірбаев Құрсан Рысбайұлы термеші, сазгер болған екен. Балаларына осы генмен берілген таланттың ары қарай шыңдалуына шешелері Гүлшем себепші болыпты. Отбасы 1987-жылы Кентау қаласына қоныс аударады. Гүлшем сол кезде Кентау қаласындағы Сейдулла Байтереков атындағы саз мектебіне вахтер болып жұмысқа орналасады. Саз мектебіндегі жап-жас балалардың өнерлеріне қызығушылығы оянып, қыздары-Назираны домбыра сыныбына, Айнураны қобызға, ұлы Сұлтанды баян сыныбына береді. Ұл-қыздары саз мектебін тәмамдап оқуларын әрі қарай арнаулы және жоғары оқу орындарында жалғастырады. Айнура Астанада қосымша пианино сыныбын бітіріп қазір сол жақта қобыз және пианинодан сабақ береді. Сұлтан 2008 жылы Шымкент қаласындағы Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжін «Станокты кескіндеме» мамандығы бойынша, 2013-18 жылдары Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінде «Ани-



мациялық кино режиссері» мамандығы бойынша жоғары білім алады.

2014-2015 жылдары «KADAM animation» анимациялық студиясы қоюшы-дизайнер, 2016-2018 ж. «SAF media» студиясында режиссер-аниматор, 2018 жылдан бастап Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінде «анимациялық графика» пәні оқытушысы, 2022 жылдан Геральдикалық зерттеулер орталығының бас маманы болып жұмыс атқаруда.

2021 жылдан Алматы қаласы, Темірбек Жүргенов атындағы Өнер Академиясының Экрандық кино режиссурасы мамандығының магистранты. Сұлтан мамандығы бойынша жұмыстар атқарып әжептәуір табыстарға жетеді. 2015 ж. «Қарлығаш» Республикалық анимациялық фестивалінде «Көксерек» қысқаметражды анимациялық фильмі «Үздік студенттік жұмыс», 2017 ж. «Көжектер» анимациялық сериялы «Үздік анимациялық сериялы», 2018 ж. «Ұшқын» кинофестивалінде Таң атты фильмі «Ең үздік анимациялық фильм», 2021 ж. AMEN animation festival-інде, «Достық көпірі» қысқаметражды анимациялық фильмі жюрилердің арнайы сыйлығына ие болады.

Көптеген анимациялық фильмдер мен сериалдарда - «Рух күрескері», «Көксерек», «Таң атты», «Көжектер», «Сөз-қазынасы» «Менің сүйкімді досым», «Бір-мысал», «Достық көпірі»,

«Аль-Фараби», «Қызықты энциклопедия», «Алтын кілт», «Біз жад бойынша жазамыз», Agen-D анимациялық сериялында суретші, оператор, аниматор, режиссерлік міндеттерін жоғары кәсіпқойлық тұрғыда атқарады.

Сұлтан сондай-ақ «Қазақ ертегілері», «Қазақтың атбегілік өнері», «Түрік халық ертегілері», «Қазақия қалай отарланды», «Қанатты барыс», «Көкбөрі және Бабыр батыр», «Құранмен қауышу», «Bil-bala» және басқа да көптеген кітаптардың дизайнері және иллюстраторы.

Назира оқуын 2001-2005 жылдары Шымкент саз колледжінің домбыра сыныбында жалғастырып, 2005-2009 жылдар аралығында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан меклкеттік университетін тәмамдайды.

Еңбек жолын 2010 жылы Астана қаласындағы 3-ші балалар саз мектебінде домбыра сыныбында дәріс беруден бастайды.

2011 жылы жас талант мектепшілік жас музыканттар байқауында жоғары деңгейде дайындалғаны үшін алғыс хатқа ие болады. Сол секілді «Асыл мұра», «Жас дарын» халықаралық байқауларда жүлде алады. 2012 жылы отбасылық жағдайымен Шымкент қаласына қоныс аударады. Алғашқыда өз үйінде үйірме ашып оқушыларды домбыраға баулып жүреді. 2019 жылы Халиевтер отбасының деңгейімен Шымкент қаласында анасы-

ның атымен «Гүлшем» домбырашылар үйірмесін ашады. Қайын атасы Халиев Ермекбай, енесі Халиева Сапаркүл және жолдасы Халиев Алимжан үлкен қолдау білдіреді. Сол жылдарда «Нұрлы жастар», «Ұлы дала ұрпағы», «Zhuldyz art», «Жас Дарын», «Жарық жұлдыз» байқауларында Бас жүлде, кейде бірінші орындарды иеленіп жүреді. Қазіргі таңда мектебіні үлкейтіп, мемлекеттің қолдауымен «Art Sport» бағдарламасынан «Даму Бала» бағдарламасына ауысып, Гүлшем-Айша өнерлі балалар студиясын ашып, 400 оқушыны қамтып оқытып жатыр. Бұл студияда домбыра, дәстүрлі ән, құмыра жасау, сурет, мәнәреп оқу, актерлік шеберлік мамандықтарына баулиды. Әріптесі Маликова Бибайша апай екеуі бірігіп жұмыс жасауда. 2022-2023 жылдары көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Шымкент қаласында өткен «Zhibek zholy Kazakhstan» байқауы мен Түркия еліндегі Стамбул қаласында және Түркістан қаласында өткен «Turkistan City fest 2» байқауларында Бас жүлде алады. Күні кеше, 18-қараша күні Ташкент қаласында өткен «Таланты Азия» халықаралық шығармашылық байқауында Бас жүлдені иеленіп, Қырғызстан еліне жолдама алды. Барлық байқауларда маған қолдау көрсетіп жүрген ата-аналарыма алғысым шексіз. Қазіргі таңда ұлдары- Ермекбай Нұржаныс пен Ермекбай Ерасыл домбыраны еркін меңгеріп, көптеген байқаулардың Бас жүлдесін иеленіп жүр. Назира қызымыз өзінің өнер жолына баулыған ата-анасына, қолдаған ата-енесіне, жолдасына, бауырларына, қайын-жұртына дәе риза.

Ия, дәстүрлі өнер қазақ қоғамының бір бөлшегі. Ол өте ауыр және машақаты мол жол. Өнер жолында көптеген қиыншылықтар кездеседі. Осы қиыншылықтарды жеңе білген азаматтар ғана оның биік шоқысына шыға алады. Әрине, Гүлшем сыныптастың перзенттерінің алар асулары әлі алда. Ұл-қыздары алға қойған мақсаттарына жетіп, әке-шешесін қуанта берсін!

Сүгір атамыз негізін қалаған Созақтың күй өнерінің даңқын аспандастып, ұрпақтан-ұрпаққа табыстай берсін!

**Камилжан РЫСМЕТОВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**Одағының мүшесі.**  
**«Созақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі.**

Қазіргінің күнінде дамымаған нәрсе қалмады. Бәрі дерлік қарыштап, кең етек ала дамып жатыр. Бұл әрине жақсы. Кейбір дамыған салалар тіпті адам жұмысын жеңілдетіп, керемет жағдай жасап жатқан жайы бар. Ойлау жүйең жеткілікті түрде жақсы жұмыс жасаса болды, үйден шықпай ақ жұмысыңды бітіруге ыңғайлы дүние ойлап таба аласың. Тіпті үйіңде жатып алып, өзіңе керекті азық-түлік, киім-кешек, үйге керекті технологиялық құрылғыларды да тапсырыс беру арқылы, алуға болады. Сол технологиялық құрылғылардың дамуының арқасында міне осындай жеңіл күн кешіп жүрміз. Бір тетікті баса салып киім жуып, екіншісін басу арқылы тамағың әзірленіп жатыр. Мұның бәрі адамды ештеңеге зауқы соқпаса жалқаулыққа алып келеді. Бұл дегеніміз «Жеңілдің үстімен, ауырдың астымен» жүруге әбден үйір қылады. Бірақ қазірдің өзінде ол құбылыс болып жатқаны жалған емес. Барлық дерлік адам жеңіл нәрсеге құмар. Тіпті өзі үшін ақша табуға да қиналып

## ТІЛІ ЖОҒАЛҒАН ҰЛТТЫҢ, ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ

жатады. Құдды аспаннан ақша жауатындай. Сол бір орындалмас арманның жетегінде қалықтап жүріп, қалай ана дүниеге ұшып кеткендігін өзі де сезбей жатады. Барлығының дамуының кең етек алуы өзіміздің елде де байқалады. Технологиялар дамығанымен қоймай мәдениетіміз де мүлде басқа деңгейде өрбіп жатқаны сезіледі. Өзге елдің мәдениетіне қызығатын еліктеушілер байырғы өркениетіміздің тамырының түбіне жетіп, балталарын мықтап салып, шауып жатыр. Өзі елдің бары да, нары да өзіне ғана тән қайталанбас тілі. Өзектісі де еліктеуші жалқау жұрт сол асыл қазынамыздың алаулап тұрған рухын сөндіруге жағдай жасап жатыр. Мұны өздері байыбына барып түсініп жатқаны шәмәлі. Көңіліме күдік ұялата-ры да тіліміздің дүлдәмалға түсіп, мәңгілік торға шырмалып қалуы. Бұлай айтуымның

бірнеше себебі бар. Бүгін де ұялы телефонның адамның ең жақынына айналғаны сонша оның мүмкіндіктері де көбейе түсті. Ондағы әл. желілер көбейіп, адамдардың бір-бірімен хат алмасуы да жеңілдеді. Бәріміз де желіде топтарда отырып, әңгімедүкен құрамыз. Маған ең ұнамайтыны, адамдардың жеңіл ойлайтыны сонша тегін әріптің өзін толық жазуға ерініп жатады. Оның өзін қысқартып орысша қаріпте теретінін қайтесің? Өз көзімізмен көріп жүрген сондай хаттардың ішінен бірер мысал келтіре өтейін. «Не істеп жатырсың?» деген жай сөз тіркесінің өзін «нестеп» деп қысқартып алған. Сонда өздерінше қазақ сөздік қорына «жаңа сөз» деп масаттанатының айтсаңыз. Тағы кең таралған қателік, «Я» әрпін дұрыс қолданбау. Мысалы, көп адам «Ұйалады», «қойады» деп сөзді қалай естиді солай жаза салады. Осылай «Ю»

әрпін де «иу» дыбысымен шатастырып жазғандарды да көргенмін. Мұндай өрескел қателіктер адамдардың тілге немқұрайлы қарауынан туындайды. Тағы әл.желінің бірінде әр адам өз жеке өміріндегі сәттерінің суретін немесе өзге сипаттағы бейне материалдарды салып қойып жатады. Ондай сәтті қапыда қалдырмайтын өзге адамдар, түрлі мәтіндегі пікірлер қалдырады. Кейбіреуі тіпті шектен шығып кетеді. Адамның ар-намысына тиетін балағат айтып, тіпті боғауыз сөз қосып жазыды. Ондай пікір алаңын көп оқимын. Оқып жатып адамдардың сонша іші тар әрі на-дан екендігіне қаным қайнайды. Ол аздай сауатсыздық та кең таралған. Бір байқағаным көп адамдар бір 5 әріпті «күйеу» деген сөздің өзінен бірнеше қате жібереді екен. Оны «кию», «киеу», «кеу» деп білгенін жазып бағады. Орысша сөздердегі қатені тіпті сөз

етпей-ақ қояйын. Сөзді қазақша ақцентпен қалай айтады, солай сөздерге қазақша әріптерді қосып жазып, елде жоқ сөзді ойлап тауып жатады. Өз тіліңді қатыра алмай жатқаныңда, өзге тілде сөйлеу не сән? Жарайды тыныс белгілерін орынды қойып жаза алмасаң, тым құрығанда сөздерді дұрыс жазсаңшы. Қазіргі жұрттың бар білетіні біреудің сүрінгеніне, біреудің надандығына күліп, келеке ету. Бір-біріне жаны ашып жатқан ешбірі жоқ. Ондай арзан әңгімелерді доғарып, ана тіліміздің болашағына алаңдауымыз керек. Әр нәрсенің жетегіне еріп кете бермей, өз құндылықтарымызды да бір сәт алаңдаушылықпен ойлап қояйық. Біздің тіліміз-ұлтымыздың жүрегі. Ахмет атамыз айтқандай: «Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады». Елдіктейміз деп жүріп, ұлтымызды жоғалтып алып жүрмейік.

**Қарақат СЕЙТЕН,**  
**С.Сейфуллин атындағы**  
**жалпы білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы.**

## Үй жануарларын міндетті есепке алу

Ветеринария саласы бойынша ҚР «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңының 21-бабы 2 тармағына сәйкес үй жануарларының иелеріне 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап үй жануарларын есепке қою (чиптеу) бойынша арнайы «TANBA» дерекқор базасы жұмыс істейді. Әр азамат өзінің иелігіндегі ит-мысығын есепке қоюға міндетті. Аталған қызмет ветеринар мамандары тарапынан ақылы негізде жүргізілетін болады.

Чип салу бізге не үшін қажет? Чип салу жануарларға неғұрлым жауапкершілікпен қарауға септігін тигізеді және қаңғылған иттер мен мысықтарға қатысты мәселені шешуі мүмкін. Иесі жануар үшін жауапты, ол жануар қоғамға қауіпті болмайтындай жағдай жасауға міндетті.

Чип салу – арнайы чиптерді қолдана отырып, жануарларды таңбалаудың қауіпсіз және заманауи әдістерінің бірі. Чипті жануарға енгізу ауыртпай жасалатын процедура.

Бірдейлендірудің заманауи әдістері мыналарды қамтамасыз етеді:

1. Жануарларды ауыстырып алу мүмкін емес.
2. Құтыруға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы вакцина егілмеген жануарларды тасымалдау мүмкін емес.
3. Чип салу – жануарды иеленуге қатысты дау туындаған кезде маңызды дәлел бола алады.

Чип жануардың өмір бойы қауіпсіз және сенімді түрде сәйкестендірілуіне, алдағы жүз жыл ішінде нөмірдің қайталанбауына кепілдік береді, ал биологиялық шыны микро-чиптің жылжып кетуіне жол бермейді. Бүгінгі күні жануарларға чип салумен аудан, қалалардағы ветеринариялық малдәрігерлер айналысады.

Құрметті үй жануарларының иелері, осы мәселеге жауапкершілікпен қарап, үй жануарларыңызға қамқорлық жасауды сұраймыз.

Есепке алу қағидаларын бұзған жағдайда 10 АЕК (34500 теңге) айыппұл көзделген.

**ТО Ветеринария басқармасы «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-ның Созақ ауданы филиалы.**

## БЖЗҚ

### БЖЗҚ салымшыларының дербес деректерін жинау

Қазіргі кезде көптеген қызмет түрлерін алған кезде мемлекеттік және қаржылық құрылымдар пайдаланушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін сұрайды. Салымшы(алушы) enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ Ұялықосымшасында Жеке кабинетіне кірген кезде БЖЗҚ осындай келісім беру туралы неге бір рет сұраныс жасайтынын біліп жүрейік.

БЖЗҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V “Дербес деректер және оларды қорғау туралы” Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауға міндетті.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Табиғатымызды аялайық!

Барлығымыз да айналамызды қоршаған ортаға адам ретінде, тіршілік иесі ретінде жауаптымыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыздың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді еспсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді. Ардақты аудан азаматтары ауданымыздың табиғаты мен ауасын өрт шалмасын. Өртке қарсы бірлесе ауызбіршілікте жұмыс жасайық.

**Шығыс БАЙЖАНОВ,  
Созақ орман және жануарлар элементін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Аудандық білім бөлімі және білім қызметкерлі кәсіподағы ұйымы, мектеп ұжымы Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің қызметкері Пірназарова Альбина Нұрланқызына інісі

**Пірназаров Ержан Нұрланұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтастып, көңіл айтады.

Ботулизм - жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық аурудың ауыр түрі. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда

сандарынан, белгіленбеген сауда орындарынан үй жағдайында дайындалған, қолдан жапқан консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс салат, ет, балық өнімдерін сатып алуға болмайды. Консервіленген салаттарды пайдаланған кезде сақтайтын, пайдаланатын уақыт

пеушілігі дамиды. Жұтыну бұзылысы дамиды. Жеңіл жағдайларда тамағында бір нарсе тұрғандай сезім болады және қатты, құрғақ тағамдарды жегенде жұтынудың қиындауы байқалады. Ауру қиындай түскенде сұйық тағамды жұтудың өзі қиындап, мұрын арқылы шыға

## Ботулизм ауруының алдын алу

жұғады. Аурудың жасырын кезеңі 2-12 сағаттан 7 күнге дейін созылады, негізінен жиі 18-24 сағатта жедел басталады. Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады. Белгілері – әлсіздік, іш ауруы, құсудың пайда болуы, көз алды торланып, бұлдырайды, бір нәрсе екеу болып көрінеді, ішкен асы тамақтан өтпей, шашалады, жұтыну қиындайды, даусы қарлығып, мұрын арқылы сөйлейді.

Аурудың алдын алу мақсатында базар, сауда ны-

мерзімін қараңыз, қақпағы күмбілген (бомбаж) салаттарды пайдаланбаңыз. Жеміс-жидек, көкөніс консервіленген кезде оларды жақсылап жуып, тазасын, бүлінбегенін пайдаланыңыз. Көбіне үй жағдайында дайындалған қолдан жапқан саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс салат, ет, балық консервілерін пайдаланғаннан болады. Тағамдық ботулизмнің даму механизмі асқазан-ішек жолына түскеннен кейін ферменттердің әсерінен ботулотоксиннің күші жоғарылайды. Токсин қанға өткеннен кейін, бұлшық еттердің салдануына әкеліп соғады. Тыныс алу бұлшық еттерінің парезінен тыныс алудың жедел жетіс-

бастайды. Ботулизм кезінде сауығу ұзаққа созылады, 1-1,5 ай шамасында болады. Оған жедел түрде ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Мұндай сарысуды науқаспен бірге болып, уланған басқа адамдарға да егу қажет. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервіленгенде санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет. Ботулизм ауруы-бұл тамақтан уланудың ауыр түрі, уақытында дәрігерге көрінбесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

## Қауіпті өнімдерден сақ болайық!

Адам денсаулығына ең қажеттісі бәрінен бұрын сапалы әрі қауіпсіз азық-түлікпен дұрыс тамақтану. Азық-түлік дайындайтын өндірістерде дамуымыз бен нығаюымыздың бірінші факторы - өзіміздің мемлекеттен шыққан тауарлар. Қауіпсіз тағам өнімдерін өндіру ең алдымен тағам кәсіпорнының міндеті болып табылады. Азық – түлік өнімдерінің қауіпсіздігі - тамақ өнімдерінің оларды әдеттегі жағдайда пайдалану кезінде зиянды болып табылмайтындығы мен қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығына қауіп туғызбайтындығына негізделген сенімділік күйінің болуы. Тағам қауіпсіздігі – бұл тағам өнімдерінің адам денсаулығына зиянсыздығы. Жалпы адам ағзасына тағам өнімдерімен қатар тағам емес өнімдердің де зияны бар. Атап айтсақ тамақ өнімдерінің әр түрлі вирус, паразиттермен залдануы адам денсаулығына қауіп төндіруші негізгі факторлардың бірі болып саналады. Сонымен қатар, генетикалық өңдеу жолымен алынған белоктардың аллергиялық ауруларды қоздыру ықтималдығы басым болса, ауыл шаруашылығы саласында кеңінен қолданылатын химиялық заттар (пестицидтер, нитраттар, ауыр металдар, т.б.) өсімдік пен малдан алынатын тамақ өнімдерінде сақталу арқылы адам ағзасына тікелей қауіп төндіреді. Тамақ өнімдерінде химиялық зиянды заттардың (канцерогендер, аллергендер, т.б.) пайда болуына кейде өндірістік

процестердің де әсері айтарлықтай болуы мүмкін. Жалған өнім жасаушылар жұтынушыларды алдап қана қоймайды, кейбір жағдайларда сол жалған өнімдерімен адам денсаулығына зиян келтіріп, өміріне қауіп төндіруі де мүмкін. Әсіресе, тамақ өнімдерінің белгілі бір құрамдарын арзан да сапасыз қоспалармен алмастыру арқылы олардың санын немесе салмағын молайту, өнімнің сыртқы орама, қапшығына оның құрамы мен тағамдық құндылығы туралы жалған ақпараттар беру әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып жұтынушыны алдап, жаңылыстыратын әрекеттер жиі ұшырасады. Соның ішінде алкогольді сусындар, адам ағзасын уландырады. Ол зат алмасуын бұзады, алғашқы инфекцияларға қарсы тұруын төмендетеді, іс жүзінде барлық мүшелерді, әсіресе бауыр, ми, жүрек, бүйрек, ішкі секреция бездерін зақымдайды. Адамның уақытынан бұрын қартаюына да бірден-бір себепшісі. Миға сіңген спирт нерв клеткаларын уандырады, одан ойлау қабілеті бұзылып, рухани ауыр халге ұшырайды. Алкоголь өнімін таңбалауда дайындалған нормативтік немесе техникалық құжаттың белгілері жазылады және соған сәйкес өнім сәйкестендіріледі. Әр жұтынушы (сатып алушы) кез-келген өнімді алмас бұрын жоғарыда айтылған кеңестерге мән бергені дұрыс. Өз денсаулығыңыз, өз қолыңызда!

## Өндірістік аурулардың алдын алайық!

Өндірістегі ауыр жұмыстарды механизациялау мен автоматизациялау өнімділікті жоғарылатып, жұмысшы қолын жеңілдетумен қатар қауіпсіздендіреді.

Алайда, өндірістегі әр бір мамандық иесі жұмыс орнында атқарылу қызметіне қарай жұмыс орнының зиянды және қауіпті әсерлерімен ұштасады. Қауіпті факторлар ағзаның жедел бұзылуына, өліміне әкеліп соқтырса, зиянды факторлар жұмысшының жұмыс істеу қабілеттілігіне теріс әсерін тигізіп, кәсіби аурудың пайда болуына тікелей әсер етеді. Бұл зиянды және қауіпті әсерлер қысқаша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1. Өндірістік физикалық факторлар.  
- жоғарғы төменгі температура, жоғарғы ылғалдылық, жұмыс орнының ауа алмасуы; инфрақызыл, ультракүлгін, лазерлік, ионизациялық сәулелерінің, ЭМӨ жоғарғы деңгейі; жұмыс орнының жоғарғы деңгейді түрлі шаңдар мен газдармен ласдануы; шу, діріл, ультро, инфро дыбыс деңгейінің жоғары болуы; жарықтың жеткіліксіздігі; жоғары және төменгі атмосфералық қысым.
2. Өндірістік химиялық факторлар.  
- газдар, парлар, түрлі сұйықтар, аэрозольдер;
3. Өндірістік биологиялық факторлар.

- микро, макро организмдер, жұқпалы, инвазиялық аурулар;

4. Өндірістік жарақаттану факторлары.

- химиялық препараттардың, қозғалатын машиналар мен механизмдердің, жоғарғы, төменгі температуралар, электр жүйелерінің әсерінен болатын жарақаттар.

Кәсіби ауруды неғұрлым тезірек анықтауға және жоюға болатын болса, емдеу және жұмысқа қайта бейімдеу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

**М.ӘШІРЕПІЕВ,  
Созақ аудандық СЭББ  
басшысы.**



## Тағылымды кеш өткізілді

Жақында «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен ауданымыздың 95 жылдығы аясында халқымыздың ұлы ақыны, дара тұлға А.Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай мұрасы-халық ұлағаты» тақырыбында тағылымды кеш өткізілді.

Байқауға қатысушылар екі кезең бойынша өнерлерін сарапқа салды. Бірінші кезеңде Абай Құнанбаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқыса, екінші кезеңде қара сөздерінің мазмұнын түсіндіру болды.

Әдеби кешке Несібелі Шайдазимова, Айсара Маханова, Қырмызы Маханова, Мәншүк Аманбаева, Айымкүл Шерімбетова, Бүркіт Арынбеков қатысып өз ара бақ сынасты. Өнер иелерінің өнерін бағалауға «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, Түркістан облысы «Асар» мүгедектер қоғамы Созақ аудандық филиалының төрағасы Біржан Саржанов, жазушы Әмір Батырбеков қазылық етті.

Әдеби кештің сайыс қорытындысы бойынша 1 орынды Мәншүк Аманбаева, 2 орынды

Қырмызы Маханова, 3 орынды Бүркіт Арынбеков жеңіп алды. Барлық қатысушылар жүлдеге ие болып, номинациялар мен заттай сыйлықтар, Диплом табыс етілді.

Мекеме басшысы Марат Оспанов барлық қатысушыларды құттықтап, оларға өнерлеріңіз өрге жүзсін деген тілек арнады.

Әдеби-сазды кешке қатысқандар мен қонақтар мәдени шарадан көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

**С.МҰХИТ.**

## Ұлағатты ұстаз құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты

Білім саласында елеулі еңбек етіп келген А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Шаймерденов Талғат Атажанұлын құрметпен зейнеткерлік демалысына шығарып салу шарасы өтті.

«Ұстаз» атты ұлы есім қашан да кісілік келбеті жоғары сан мыңдаған шәкірттерге үлгі-өнеге, білім-тәрбие беретін, ізгілік нәрін төгетін ерен еңбектің иесі. Қай қоғамда да ұстаз құрметті орындардың төрінен табылады.

Осындай құрметті мамандықтың иесі болып, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттің жүрегінен орын алып, тәлімді тәрбие берген Талғат Атажанұлының зейнетке шығу күніне орай Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров арнайы құттықтап, білім саласына қосқан үлестері мен шәкірт тәрбиелеудегі ерен еңбектері үшін алғыс білдірді.

Еткен еңбектің елегені кімге болса да қуаныш, көңілге үлкен мұдет! Талғат ағайдың еңбек демалысындағы әр күні шалқыған шаттыққа, балқыған бақытқа толсын!



**Ерік ДОСБОЛОВ,**  
Созақ ауданының білім бөлімінің әдіскері.

## Сан қыранды самғатқан парасат иесі

Құрметті Малбағаров Талғат Раматұлы! Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттеріңіз, сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл ұстаз, аяулы аға ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәтті етпей қоймайды, атыңызға затыңыз сай ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі өзіңіз, отбасыңыз үшін



## Жазушы-ақынды еске алды

Т.Әлімқұлов атындағы мектеп интернат-лицейінің кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023 жылдың 22 қараша күні теріскейдің аяулы перзенті, шебер жазушы, ақын Тәкен Әлімқұловтың туылғанына 105 жыл толуына орай өлеңдерін мәнерлеп оқырмандар жатқа айтты. Кітапханашылар Тәкен Әлімқұловтың өмірдегіміз таныстырып, көрме жанында көптеген мәліметтер берді. Артында өшпес мұра қалдырған классик жазушы Т.Әлімқұловтың өлеңдерін оқушылар бір-бірінен қалыспай жатқа айтып шықты.

Мемлекеттіміздің ертеңі-осы жастар. Біздің міндетіміз осы жастарға сапалы білім мен тәрбие беру. Саналы да білімді, тәрбиелі, кітапқұмар оқырмандарымыз көп болғай!

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Өнерлі ұжымдар жеңімпаз атанды

Ауданымыздың орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында бүкіл Түркістан облысы бойынша өткізіліп жатқан «Ата-баба дәстүр-тәрбиенің бастауы» атты байқауы жалғасын тапты. Шараны Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы мен Түркістан облыстық ақсақалдар алқасының қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған. Аталмыш шараны ауданымызда аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі мұрындық болып қолға алды. Байқауға ауданымыздың ауыл, кент әкімшіліктерінен өнерлі ұжымдар қатысты. Екі бөлімнен тұратын сайыс барысында қазылар алқасының шешімімен үш өнерлі топ жарыс жеңімпаздары атанды.

Олар бірінші орын иеленген Қайнар ауылының С.Макаренко атындағы орта мектебінің «Гауһартас» өнерлі тобы, екінші орынды Жыныс ауылындағы Сүгір Әліұлы атындағы орта мектептің «Атамекен» өнерлі тобы, үшінші орынды Ісмет Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің «Армандастар» өнерлі тобы иеленді. Бірінші орын иеленген Қайнар ауылының С.Макаренко атындағы орта мектебінің «Гауһартас» тобы Түркістан қаласында өтетін облыстық сайысқа жолдама алды. Облыстан жүлделі орын алып келулеріне тілектеспіз!



ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтанш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігіңіз даусыз.

Шынында да, сіздің ұлағатты ұстаздығыңыз – адамгершілік жырына тұнып тұрған ғажайып бір әлем. Бізде, жасы кіші әріптестеріңіз сол бір ғажайып сырлы әлем тұнығынан барымызша еркін, мейірімді қана сусындап, мол рухани азық алғанымызды мақтанш етеміз.

Қызметіне көп жылдарын арнаған әрбір адам үшін зейнеткерлікке шығу – өте маңызды және көңіл толқытарлық сәт. Бұл сәт тек қана адал еңбегімен өмір сүрген адамның мақтаншты көңіл-күйіне толы болса да, оның жұмыс ұжымымен қоштасуымен ұштасқан қимастық күйімен де ерекшеленді.

Құрметті Талғат Раматұлы, Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

**Ізгі ниетпен «Қарағұр» жалпы білім беретін мектебінің ұжымы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бақытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**

Сайлаубекүлі

Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**

Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**

**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**

**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**

Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**

Терімші-  
**Багила АЯЗБАЕВА**

Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тірленіп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3500 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.